

Б. А. Қалиев, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты;

Ж. С. Рамазанова, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

ӨЛЕҢ ҰЙҚАСЫНЫҢ СЕМАНТИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Өлеңнің музыкалы дыбыстарға, сұлу ұйқастарға, әуезді ырғаққа құрылуы ақынның тіл шеберлігімен сабақтас. Абай өлеңінің әуездік байлығы ақын шығармашылығына тікелей байланысты. Әуездік байлықты тудырушы - ұйқас. Ол сөз тізбектерінен туады да, ой ұшқындарын бір-біріне жалғастырып, мағыналық, эмоционалдық, эстетикалық сазды мол таратады. Абай өлеңдері әсерлі ырғағымен, ұйқас молдығымен, үндесімдік сәйкестігімен, сөз толқынымен тербетеді.

Өлең ұйқасының негізін жасаушы тіл дыбысы болғанмен, олардан сөз, сөз тіркесі құралып барып көркем туындының мазмұнына, идеясына қызмет етеді. Сондықтан да ұйқасатын сөздердің лексика-семантикалық, морфология-синтаксистік сипатына да жіті назар аударуымыз қажет¹.

Ұйқас сөздердің синонимдес және антонимдес болуы. Өлең тармақтарының ішінде ұйқас сөздердің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы немесе өзара мәндес болып та келе береді. Бұл әсіресе грамматикалық егіздеуге (параллелизм) құрылған тармақ ішінде көп кездеседі². Себебі мұндай тармақтар екі

мақтанба», «Сегізаяқ», «Көжекбайға», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» т. б. өлеңдерінде контекстік анто-

нимдер мен синонимдердің ұйқасқа қатысуын (тармақ басында, тармақ ортасында, тармақ соңында) көптеп кездестірдік. Мысалы:

Керек іс бозбалаға — талаптылық,
Өр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық³.

Стильдік немесе контекстік антонимдер жарыса қатар қолданылып, антоним ретінде қалыптаспаса да, белгілі бір контексте ғана қолданысқа түседі. Антонимдес ұйқастар көбінесе бір шумақ ішінде қатар қолданылып жалпылық мәнде жұмсалады:

Үйде отырса — салбырап,
Түзге шықса — албырап,
Кісіні көрсе — қылжандап,
Қалжыңшылсып ыржандап,
Өз үйінде қипандап,
Кісі үйінде күй таңдап,
Ақылы бар кісіні
Айбаттайды, даттайды⁴.

Ұяламыз дегені көңіл үшін,
Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін,
Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігері жоқ маңызы жеңіл үшін.

Осындағы антоним сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарып, ыңғайлас жалғаулықтар арқылы байланысады. Сол сияқты қарсылықты жалғаулықтар немесе болымсыздық мәндегі сөздер арқылы байланысқан кейбір антонимдер тікелей қарама-қарсы мәнде жұмсалады. Мысалы:

Ауру да емес, сау да емес,
Құрылы әл-қуатым.

Кісіні көрсе қылжындап,
Қалжыңдасып ыржындап
Ғылым таппай - мақтанба,
Орын таппай - баптанба.
Құмарланып, шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз⁵.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл, тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз⁶.

Шешен де өткен не дүлдүл,
Көсем де өткен не дүлдүл⁷.

Адал бол — бай тап,
Адам бол — мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде.
Бірінді, қазақ, бірің дос
Көрмесең — істің бәрі бос⁸.

Аталмыш шумақтар ішіндегі ұйқасқа алынған сөздерді контекстік синонимдер мен антонимдерге жатқызуға болады. Бұлар тармақ бойында айрықша мәнге ие болған, әрі мұндай ұйқастардың стилдік бояуы да, оқырманға әсері де ерекше болып келеді⁹.

Ұйқастың синтаксистік сипаты. Өлең ұйқасы семантикалық-синтаксистік сипаты жағынан мынадай да болуы мүмкін: 1) сөздердің мағыналық жақтан үйлесуі (семантическая рифма — семантикалық

ұйқасу), яғни мұнда ұйқасушы сөздер мәтін ішінде грамматикалық және мағыналық жағынан бір-бірімен қиыса байланысады. Мысалы:

Тоты құс түсті көбелек,
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремеқ,
Көбелек өлмеқ, сиремеқ¹⁰ —

дегендегі көбелек сөзі бастауыш қызметін атқарып, баяндауыш болып тұрған гулемек сөзімен жақ-жағынан (III жақта) қиыса байланысқан. Екеуінің арасында предикаттық қатынас бар.

Бала мінез ойыншы бұрынғылар
Аңқау екен, мазактап, соны сынар.
Артқа қарап, ақ бейіл шалға күліп,
Абұйырсыз, атаксыз көрге құлар¹¹.

Бұл шумақтағы субстантивтенген (заттанған, заттық ұғымға айналған) бұрынғылар сөзі соны сынар, көрге құлар тіркестерімен грамматикалық қатынасқа түсіп, үшінші жақта қиысып тұр.

2) мағынасыз (несемантическая рифма) ұйқасу, яғни былайша ұйқасатын сөздердің арасында грамматикалық және мағыналық байланыс болмайды:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?¹² —

деген өлең жолдарындағы өзара ұйқасатын бұрым - ақырын - түрін сөздерінде грамматикалық байланыс жоқ. Олар тек бірдей немесе бірдейге жақын дыбысталуымен барып қана ұйқасым жасаған.

Синтаксистік байланысқа түскен сөйлемнің барлық мүшелері ұйқас жасауға қатыса алады. Мысалы, олар толықтауыш-баяндауыш, пысықтауыш-баяндауыш, анықтауыш-бастауыш, анықтауыш-толықтауыш т.б. секілді байланыста өзара ұйқасып келуі де мүмкін. Мысалы: Бастауыш-пысықтауыш байланыста ұйқасу:

Шаң шығармас жол дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ¹³.

Толықтауыш-баяндауыш байланыста ұйқасу:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн¹⁴.

Пысықтауыш-баяндауыш байланысында ұйқасу:

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған.
Дәні толық, басы ауыр егіндей-ақ,
Сенің де басың имек жерге таман¹⁵.

Анықтауыш-баяндауыш байланыста ұйқасу:

Бенде көрген бар қызықтың
Бәрін ішкен сұм жүрек.
Айныған соң сен жолықтың,
Айтып-айтпай, не керек¹⁶.

Сондай-ақ бірыңғай сөйлем мүшелері де ұйқас түзуге қатысады. Мысалы:

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым,
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым¹⁷.

Қысқа қайырып айтқанда, негізінен, қазақ өлеңдеріндегі ұйқастың жалпы семантика-грамматикалық белгілері осындай сипатта болып келеді.

¹ Қалиев Б. А. Абай өлеңдеріндегі ұйқастың фонеморфологиялық құрылымы (канд. дисс. авторефераты). — Қарағанды, 2007. — 30 б.

² Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы, 1993. — 86-б.

³ Абай. Қалың елім, қазағым: Шығармалары. — Алматы, 1995. — 30-б.
Бұлда сонда. — 46-б.

- 5 Абай. Көрсетілген жұмыс. — 36-б.
6 Бұлда сонда. — 36-б.
7 Абай. Көрсетілген жұмыс. — 37-б.
8 Бұлда сонда. — 70-б.
9 Сыздыкова Р. Абайдың сөз өрнегі: Монография. — Алматы, 2004. — 63-б.
10 Абай. Көрсетілген жұмыс. — 177-б.
11 Бұлда сонда. — 234-б.
12 Абай. Көрсетілген жұмыс. — 83-б.
13 Бұлда сонда. — 229-б.
14 Абай. Көрсетілген жұмыс.—174-б.
15 Бұлда сонда.— 171-б.
17 Бұлда сонда. — 182-б.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о семантико-грамматической структуре рифм в поэзии. Авторы на анализе стихотворений Абая выявили элементы сложения рифм, рассмотрели как семантические строение рифмы, так и ее слоговую структуру.

Resume

In the afore-named article a question is examined about the семантико-грамматической structure of rhymes in a poetry. Authors hired on the analysis of poems of Abai educed the elements of addition of rhymes, considered both semantic structure of rhyme and her syllable structure.